

Әлеуметтік педагогтың жұмысы

Мектепте оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет болуы қажет. Оны мектептің әлеуметтік паспортында оқу жылының басында және аяғында анықтап отырады. 2023-2024 оқу жылында мектебімізде 1-11 сыныптар бойынша 344 оқушы бар. 20 сынып комплекті. Сынып жетекшілерден сыныптың әлеуметтік паспортын жинау барысында жекелеген санаттағы (жартылай жетім, әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен, көпбалалы, ата-анасы ажырасқан, ата-анасы мүгедек) оқушылар анықталып, 130 бұйрық бойынша 1-11 кластардың әлеуметтік паспорты жинақталды. Әлеуметтік санаттағы оқушылар: көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны -216, отбасы саны - 74. толық емес отбасынан шыққан оқушылар саны - 21, отбасы саны - 13, оның ішіндегі жартылай жетім оқушы саны - 17,отбасы саны-12, ата- анасы ажырасқан оқушы саны -2, отбасы саны -1, атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар саны - 13, отбасы саны -6, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушы саны - 4, отбасы саны-3. Мектепшілік есепте оқушы жоқ, аудандық есепте оқушы жоқ. Үйден оқитын - 1 оқушы бар.

Аз қамтылған		Толық емес отбасы		Толық емес отбасы							
				Оның ішінде							
				Жартылай жетім (анасы жоқ)		Жартылай жетім (Әкесі жоқ)		Ата – анасы ажырасқан		№ 4 нысан	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
3	4	13	19	4	5	8	12	1	2	2	2

АӘК алатын отбасы		Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар		Үйде оқытылатын оқушы		Өгей ата- анамен тұратын отбасы		Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар		Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	
Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны	Отбасы саны	Бала саны
6	13	0	0	1	1	1	2	0	0	0	0

Жыл сайын Республика көлемінде балаларға көмек ретінде «Мектепке жол» акциясы быйыл да атап өтіліп, игі бастамалар өз қолдауын тапты. Осы орайда облыстық, аудандық бұйрықтарды басшылыққа ала отырып «Мектепке жол» акциясына мектебіміздің бұйрығы шығарылып, іс-шара жоспары жасалып бекітілді.

Бұл іс-шараның басты мақсаты: мектепте оқумен қамтылған балаларды анықтап,әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, сонымен қатар белгілі әлеуметтік жағдайы бойынша балаларға мүмкіндігінше қол ұшын беріп, көмек беру. Шымкент қаласында орналасқан «Алатау» текстиль фирмасының демеушілігімен әлеуметтік мәртебеге ие 8 оқушыға мектеп формасы берілді.

Аудандық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымының демеушілігімен 4 оқушыға мектеп сумкасымен оқу – құралдары берілді.

«Аманат» партиясының демеушілігімен 4 оқушыға мектепке қажетті оқу-құралдарымен спорттық киім берілді.

Жалпы міндетті білім қорынан атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына 7 оқушыға 40 567 (қырық мың бес жүз алпыс жеті) теңгеден ақшалай көмек, ата – анасының есеп шотына аударылды Жалпы суммасы 283 969 (екі жүз сексен үш мың тоғыз жүз алпыс тоғыз) теңге.

«Аққұм» ауылдық округінің кәсіпкерлерінің демеушілігімен 4 оқушыға 45000 (қырық бес мың) теңгеден қаржылай көмек берілді.

Білім қорынан

№	Берілген заттың атауы	Бала саны	1 балаға есептелінгені	Барлығы
1	Қаржылай көмек	7	40567	283969
	Барлығы	7	40567	283969

Демеуші есебінен

№	Берілген заттың атауы	Бала саны	1 балаға есептелінгені	Барлығы
1	Қаржылай көмек	4	45000	180 000
	Барлығы	4	45000	180 000

Материалдық көмек: 8 оқушыға оқу- құралдары мен сумка , 8 оқушыға мектеп формасы берілді.

Ата-аналарға, ұстаздарға «Мектепке жол» акциясы жайында ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Мектебіміздің ауласына, «Мектепке жол » акциясы туралы баннер жасалып ілінді. Мектептің әлеуметтік желісіне осы науқан жайында ата-аналар мен оқушыларға ақпараттар берілді.

Төлеби аудандық білім бөлімінің мектептерде оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастыру туралы бұйрығын негізге ала отырып, мектепшілік ыстық тамақ ұйымдастыру бұйрығы шығарылып, іс-шара жоспары жасалды.

Жалпылама білім беру қорынан 2023 жылы бөлінген қаражатына қыркүйектің 1-нен бастап 24 мамырға дейін 141 оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 24.04.2020 жылғы №158 бұйрығына, ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 қаулысына сәйкес құжаттар жинақталды.

Мектеп асханасында әзірленген тағамның сапасын және санитарлық-гигиеналық талаптарды күнделікті бақылап, қадағалап отыру мақсатында бракераж комиссия мүшелері құрылды.

1. Комиссия төрағасы – ДТІЖО Қ. Айкузов
2. кәсіп одақ төрағасы Г. Диханбаева
3. Әлеуметтік педагог Э.Тукишева
4. Мектеп медбикесі Н. Айдарова
5. Ата – ана комитетінің мүшесі М. Исмайлова

Асханада сатуға тыйым салынған заттардың тізімі жазылып, асхана меңгерушісіне ескертілді.

Айына екі рет мектеп асханасына оқушылардың тамақтану жағдайын тексеріп, оның нәтижесі бойынша келісім жасап, отыру және тағам сапасына байланысты кездейсоқ жағдайларды мектеп әкімшілігіне мәлімдеп отыру комиссия мүшелеріне жүктелді. Әр айдың соңғы күні тегін тамаққа қатысты табель жүргізіліп, есеп аудандық білім бөліміне өткізіліп тұрды.

26 желтоқсан 2023 жылы 6«А» сынып оқушысы Қамбар Саяла Ленгір қаласында өтілген аудандық «Жаңа жыл» шыршасына қатыстырылып, сыйлықтар берілді.

Жеке үйде оқытылатын 8- сынып оқушысы Балтабай Серікке пән мұғалімдерінің демеушілігімен жаңа жылдық сыйлық ұйымдастырылып берілді. Жаңа жыл шыршаға қатысқан оқушыларға ата – аналардың демеушілігімен сыйлықтар ұйымдастырылып берілді. Шыршаның өтілуі балаларға ұнады.

Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық кеңестер берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Буллинг» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы **әлеуметтік-педагогикалық кеңес** берілді.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, **«Мектептегі бала құқығы» баяндамасы оқылып, «Отбасылық қарым қатынас»** әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.


Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді.

Сынып жетекшілер жиналысында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ және әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала сыртындағы сауықтыру лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

Өткен оқу жылында 8 оқушы қала сыртындағы лагерьмен қамтылса, биылғы оқу жылында 31 оқушы қала сыртындағы лагерьмен қамтылады деп күтілуде.

2023-2024 жылы атқыралған жұмыстарға SWOT талдау



Әлеуметтік педагог: Э. Тукишева